

ТЫРНАҚША

Жарнама мәтіндерінде тырнақша мына жағдайларда қойылады:

– газет, журнал, кітап, шығарма, қаулы, кино, т.б. аттары тырнақшаға алынады: *Хабарландыру. Жалағаш аудандық «Жалағаш жаршысы» газетінің 25.02.2023 жылғы №16 (9903) санында жарияланған «Сайлаушылардың назарына!» атты хабарламадағы аудандық мәслихат депутатына үміткерлер тізіміндегі Садуақасов Бақытжан Бекетовтің (Бекетовичтің) Жалағаш кенті, Жалағаш ауданының мәдениет және спорт бөлімінің Қ.Қазантаев атындағы мәдениет үйі коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының ғимаратындағы сайлаушылармен 3.03.2022 жылғы кездесу уақыты келісімшарт жасалмауына байланысты кейінге шегерілгенін хабарлаймыз. Жалағаш аудандық сайлау комиссиясы.*

– мақал-мәтелдер, афоризмдер сөйлем ішінде келтірілгенде тырнақшаға алынады:

– зауыт, фабрика, комбинат, трест, шаруашылық, ұйым, машина маркасы, ұшақ т.б. қойылған аттар тырнақшаға алынады: *«Қамқоршы» кредиттік серіктестігі ЖШС-гі Басқармасының шешімімен белгіленген құрылтайшылардың кезекті жалпы жиналысын 2023 жылы наурыз айының 17-ші жұлдызы күні сағат 10.00-де мына мекенжайда өткізу туралы хабарлайды: Жаңақорған ауданы, Жаңақорған кенті, Амангелді Иманов даңғылы No132 үй. («Қамқоршы» КС ЖШС ғимаратында) Е.Д.Еркишев, «Қамқоршы» КС-нің» ЖШС-нің Басқарма төрағасы.*

Ескертулер:

1) *атындағы* деген сөзбен келген атау тырнақшаға алынбайды: *Әл-Фараби атындағы университет, Ғ.Мүсірепов атындағы мектеп, Абай атындағы бірлестік т.б. Хабарландыру Б. Құлтекенов атындағы жабық бассейн 7 жасан 11 жасқа дейінгі жасөспірімдерді жүзу үйірмесіне қабылдайды. Қабылдау тегін. Мекенжайы: Дәуімбай елді мекені, Ұлы Жеңістің 50 жылдығы к-сі, 20-үй. Тел.: 2-12-68*

2) *мекеме, ұйым т.б. ресми атаулары (толық немесе қысқартылған) тырнақшаға алынбайды: Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі т.б.*

3) *телеграф агенттіктерінің аттары тырнақшаға алынбайды: Ассошиэтед Пресс агенттігі, МЕН агенттігі.*

